

Ф. 7. 02-05

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» КАФЕДРАСЫ



ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕРДІҢ КАТАЛОГЫ

Даярлау бағытының коды және атауы 6В01710-Қазақ тілі мен әдебиеті

ШЫМКЕНТ-2020

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Модуль атауы	Пән атауы	Цикл	Пәннің коды	Кредиттер саны	Пән форматы Дәр/ЗертС /Жеке/ОСӨ Ж/ СӨЖ	Семестр	Құрлық жұмыс/жоба	Пререквизиттер/ постреквизиттер	Пәннің мақсаты мен қысқаша мазмұны	Күтілетін оқу нәтижелері	Оқытушылар
БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒАТЫН ҚОСЫМША МОДУЛЬДЕР											
	Латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі	БП/ ТК	LZhNKA 1212	3	0/0/30/45/15	1		Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі	Мақсаты: Латын әріптерінің танбалану ерекшеліктері мен айтылу ережелерін студент жастардың бойына сіңіру. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың латын әліпбиінде айтылу ерекшеліктерін ескере отырып білімін қалыптастыру, олардың латын графикасына негізделген қазақ сөздерінің және фразалардың фонетикалық ерекшеліктерін оқып үйрену. Латын әліпбиіндегі әріптерді қатесіз жазуға үйрету. Мазмұны: Латын әліпбиіне негізделген сауаттылық дағдыларын дамыту. Латын графикасы арқылы қазақ тіліндегі мәтіндерді оқи алу. Латын графикасының жазу құрылымына талдай алу. Латын графикасы процессі дамуының түйткіл мәселелерін кириллицадан ажырата алу. Ұлттық құндылықтарды латын жазу процессімен байланыста қарай алу. Мәтіндерге талдау жұмыстарын латын графикасында жасай алу.	Білімі: Қазақ тіліндегі дыбыстарды айтылу ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастыру, олардың, латын графикасына негізделген қазақ сөздерінің және фразалардың фонетикалық ерекшеліктерін оқып үйрену; Біліктілігі: Латын әліпбиіне негізделген сауаттылық дағдыларын дамыту. Дағдысы: Латын графикасы арқылы қазақ тіліндегі мәтіндерді оқи және жаза білу дағдысын қалыптастыру.	
	Академиялық жазу		AZh 1212					Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі	Мақсаты: Академиялық жазу құрылымына талдау. Академиялық жазу процессі дамуының түйткіл мәселелерін ажырату. Ұлттық құндылықтарды академиялық жазу процессімен байланыста қарау. Мәтіндерге анализ жасау. Идея ұғымын жете түсіну. Форма ерекшеліктерін саралау. Идея форма ара-қатынасын дұрыс бағамдау. Жинаған интеллектуалдық қорын таңдаған ғылыми бағытына қолдану. Әдеби мәтінді біртұтас талдау. Тілдiк троптар мен фигураларды жете ажырату. Академиялық жазу сынының объектісі - замана тұсындағы жазу-эстетикасының функциясы, міндеті, жанрлары. Мазмұны: Академиялық жазылым түсінігі жайында түрлі әдебиеттерден пікірлер мен анықтамаларды жинап, ол туралы өздері түсінген пікірлермен бөлісу. Академиялық мәтіннің түрлері, формалары: зерттеу туралы есеп, оқу жұмысы, эссе, реферат, ғылыми мақала, ғылыми жоба. Академиялық мәтінде екі жақты мәселені талдау жолдары. Мәселені шешудің жолдарын ұсыну бағытында жазылатын ғылыми жұмыстардың құрылымы.Қазақ тілінің әдеби нормаларын білу. Қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, фразеологиялық айналымдар, мақалдар мен мәтел сөздерді қолдану арқылы ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту. Қазақ тілін тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынаста қолдану дағдыларын дамыту.	Білімі: Көркем шығармаларды түсіну және түсіндіре алады. Біліктілігі: Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсінеді. Дағдысы: Әдеби- көркем шығармаларды теориялық- құрылымдық тұрғыдан талдай біледі.	

Коммуникативті ұтқырлық модулі	Абайтану	БП/TK	Aba 1212	3	15/0/15/45/1 5	1	<p>Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Халық ауыз әдебиеті</p>	<p>Мақсаты: Абай шығармаларын қайталау немесе тану арқылы білім алушының таным мен ойлау деңгейін жетілдіру; Абай мұрасының құндылығын ұғыну және идеялық мағынасын өз сөзімен баяндау; Абай жырларының өміршеңдігін түсіну және қоғамдық ойларда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; Абай шығармаларының мазмұнын және көркемдік ерекшеліктерін талдау. Аудармалары. Поэмалары. Қара сөздері. Абайтану тарихының қалыптасуы. Абай шығармалары – ақын заманының шежіресі. Абай шығармаларындағы заман шындығының бейнеленуі. Абай шығармашылығындағы адамгершілік қағидаттары. Абайдың ағартушылық қызметі. Абайдың табиғат лирикасы. Абайдың «Толық адам» ілімі. Абайтану ғылымы және оның дамуы. Абайдың эстетикалық таным. Ақын өлеңіндегі даналық. Ақынның жүрек тақырыбына арналған өлеңдері. Абайдың исламиятқа қатысы. Абайтану ілімінің қалыптасу тарихы. Абайтану ілімінің жүз жылдық тарихы. Абайдың ақын шәкірттері. Абай жайындағы зерттеулер.</p> <p>Мазмұны: Абайтану ғылымының методологиясы мен негізгі концепцияларын қарастырады. А. Құнанбаевтың көркем шығармаларын интерпретациялаудың әртүрлі тәсілдерін меңгерген. Лирикалық шығармалардың ерекшеліктерін, "Қара сөздер" және ақын шығармашылығындағы әндерді талдайды. Командада жұмысты орындайды, қарым-қатынас жағдайының мақсатына қарай коммуникацияны сауатты құрады. Ең озық білім элементтерін қоса алғанда, оқылатын салада білім мен түсініктерді көрсетеді.</p>	<p>Білімі: Абайтану тарихының дамуындағы жаңа ізденістерді, ғылыми ізденістерді игеріп, оқу және оларды кәсіби іс-әрекетінде пайдалана білу, Абайтану бойынша логикалық және сыни ойлауды қолдану.</p> <p>Ікемділігі: Абайтану бойынша Абайдың жырларын, поэмаларын, қара сөздерінің мағынасын жете меңгеру; Абай жырларын, Абай жырларының әлеуметтік мәнін, жырларының бейнелігі жырларының көркемдігі мен иірімдерін сезіну, түсіну.</p> <p>Дағдысы: Кәсіби білімдері мен шеберліктерін тәжірибеде қолданады; білім алушылардың Абайтану бойынша білімін тереңдетіп, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру. Өз білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін сын тұрғысынан бағалау, оларды жетілдіру бойынша үнемі жұмыс жасау, жаңа буынды оқыту мен тәрбиелеудің міндетіне шығармашылық тұрғыдан қарау, қалыптасқан оқу, зерттеу жағдайларында еркін бағдарлану және оңтайлы шешімдер табу, кәсіби ойлаудың жоғары деңгейіне ие болу.</p>
	Мұхтартану		Muh1212				<p>Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Халық ауыз әдебиеті</p>	<p>Мақсаты: М.О. Әуезовтің өмірі мен қызметі зерттелді, жазушының шығармашылық лабораториясын, оның өмірбаянын шығармашылық тұрғыдан талдайды; Абайтану ғылымының, «Манас» жырларының құрушысы ретінде тану және қазақ әдебиетінің тырнақ алды туындысы "Абай жолы" роман-эпопеясын оқып оның ішіндегі эпизодтар мен кейіпкерлерге талдау жасай білуге үйрету. М.Әуезовтың мақала, әңгіме, драма, повесть, роман жанрларында жазылған шығармаларын толықтай оқып тану.</p> <p>Мазмұны: Жазушының мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы еңбектерінің маңыздылық рөлі. Отансүйгіштік пен елге деген сүйіспеншілік танымын ояту. М.Әуезов жайындағы зерттеу еңбектерді танып білуге құштарлығын ояту. Әуезовтың өмір сүрген кезеңіндегі замана шындығын ой елегінен өткізіп студент жастардың бойын патриоттық рух қалыптастыру. Әуезовтің әдеби мұрасын әлемдік деңгейге көтерілгенін мағлұмат беру. Отансүйгіштік пен елге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.</p>	<p>Білімі: қазақ сөз өнеріндегі Мұхтардың орны мен болмысын тану. Шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру.</p> <p>Ікемділігі: шығармаларындағы дәстүр мен жанашылдық ұғымның мәні мен маңызын рухани кемелдік таным туғысынан таныту.</p> <p>Дағдысы: ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, әдебиеттанудың негізгі ережелерін, негізгі ұғымдары мен әдеби үрдістің қолдану және даму заңдарын, әдебиеттанудың бағыттарын, олардың басқа ғылымдармен байланысын, оқыту әдістерін білу.</p>
	Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері		KSZhom 1212					<p>Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы</p> <p>Постреквизиттер: Әлеуметтану және саясаттану</p>	<p>Мақсаты: Студенттердің уақыт талабына сай қарсы тұра алатын дүние танымдық қабілеттерін қалыптастырып, дамыту. Әлеуметтік сана мен рухани жаңғырту. Мәдени нысандар мен әдеби құндылықтар жүйесі ретінде ұлттық таным. Рухани жаңғыртудың негізгі элементі ретінде Латын қарпіне көшу. Сұрақтар және бағдарламалық практикалық тұрғыда іске асыру. "Туған жер" топонимика және өзбек әдебиеті. Жаһандық әлемде қазіргі заманғы ұлттық мәдениет. Президенттік жоба "Қазақстанның 100 жаңа есімі". Тәжірибесі, мәселелері және әдебиеттану ғылымының қазіргі жағдайы.</p> <p>Мазмұны: Қоғамдық сананың түсінігін, нысандарын, белгілерін, ерекшеліктерін, мәнін және негізгі бағыттарын қарастырады. Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, эволюциялық даму, жаңа идеология ұғымдарын қалыптастырады. Салауатты өмір салтын және кәсіби табысты ұйымдастыру дағдыларын меңгереді. Өз болашағын жоспарлайды. Сананың ашықтығы, өзгерістерге дайындық. Ең үздік әлемдік жетістіктерге ашықтық пен сезімталдық туралы білімдерін көрсетеді. Жаңғырту жетістігінің маңызды шарты ретінде үздік дәстүрлер мен алғышарттарды, ХХІ ғасырдағы ұлттық сана қалыптасуының негізгі теориялық қағидаларын білу. Елдегі жағдайды талдай, ойды айқын түзе білу, рухани-құрыптық әлеуетті пайдалан отырып, қортынды жасау. Замазат және саяси таразыланған әрекетті және өзіндік саяси көзқарастар мен әрекеттерді түзету дағдыларын меңгеру.</p>

Инклюзивті білім берудің өлшемдік технологиялары	БП/ТК	IBBOT 3213	3	15/0/15/45/15	6	<p>Пререквизиттер:Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі</p> <p>Постреквизиттер: Оқу-тәрбиелік педагогикалық практика</p>	<p>Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектепте инклюзивті білім беру жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұнын Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындау ерекшеліктері. Инклюзивті білім беру тұрғысынан арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Оқу жетістіктерін педагогикалық бағалаудың міндеттері мен функциялары. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер. Жүйелік талаптар инклюзивті білім беру тұрғысынан арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. оқу жетістіктерін бағалау үшін өлшемдер мен рәсімдер инклюзивті білім беру тұрғысынан арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушы. Критериалды бағалаудың әдіснамалық негіздері. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі критерийлік бағалау жүйесі. Дизайн критерийлері: жалпы тәсілдер мен құралдар. Студенттердің білім беру қызметін критериалды бағалау. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері. Студенттердің жеке жетістіктерін бағалау. Оқу материалдарын менгеру деңгейлерін саралау кагидасы. Критериалды бағалау принциптері.</p> <p>Мазмұны: Инклюзивті білім беру тұжырымдамасын іске асыру ерекшеліктерін қарастырады. Оқу жетістіктерін педагогикалық бағалаудың міндеттері мен функцияларын білуін көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау дағдыларын қалыптастырады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің талаптарына сыни ойлау және талдау дағдыларын менгереді.</p>	<p>Білімі: инклюзивті білім берудегі критериалдық бағалаудың теориялық негіздері мен ерекшеліктерін білу;</p> <p>Икемділігі: инклюзивтік білім беруде критериалды бағалау жүйесінің тәртібі мен әдістерін менгеру;</p> <p>Дағдысы: Инклюзивтік білім беруде критериалды бағалау туралы білімін талдау, критерийлерге сәйкес ОБ бар балалардың оқу жетістіктерін бағалау.</p>
Мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиясы		MShBP3 213				<p>Пререквизиттер:Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі</p> <p>Постреквизиттер: Оқу-тәрбиелік педагогикалық практика</p>	<p>Мақсаты:мүмкіндігі шектеулі балаларға оқыту әдістемесін үйрету; критериалды бағалау технологиясын қолданудың ерекшеліктерін менгерту; арнайы педагогиканың негіздерін, дефектологияны және ОБ бар балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін менгерту.ЖОО студенттерінің психологиялық білімі болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы маңызды фактор болып табылады, олардың мектепте жұмыс істеуіне психологиялық дайындығын қалыптастыру. Психологияны жүйелі түрде зерттеу кәсіптік-техникалық білімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Психологиялық біліктілікті кеңейту және тереңдету болашақ мұғалімнің жеке өсуі, оның шығармашылық әлеуетін ашуы үшін қажетті шарты болып табылады.Психикалық құбылыстардың құрылымы: психикалық процестер, психикалық жай-күй, психикалық қасиеттері. Адам миының құрылымдары. Отандық және шетелдік психологиядағы тұлғаны зерттеуге бағытталған тәсілдер.Мотивациялық саланы дамытудың негізгі заңдылықтары. Сезімнің негізгі қасиеттері мен қасиеттері</p> <p>Мазмұны: «Психология», «дефектология», «психикалық дамуының кідірісі» ұғымдарын қарастырады. Сенсорлық, интеллектуалды, тірек-қимыл, сөйлеу, есту, көру кемістіктері бар балалардың психологиялық сипаттамасын анықтау дағдыларын қалыптастырады. Балалардың дисгармониялық, бұрмаланған психикалық дамуын зерттеу дағдыларын менгереді. Балалардың мінез-құлқындағы бұзылуларды, гипербелсенділік синдромын және көңіл жетіспеушілігін анықтау дағдыларын тереңдетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық сүйемелдеу дағдыларын қалыптастырады.</p>	<p>Білімі: Кәсіби мәселелерді шешу үшін студенттер мен сыныптық ұжымдардың психологиялық ерекшеліктерін зерттей алу.</p> <p>Біліктілігі: Оқу процесін жобалау кезінде жеке тұлғаның жеке психологиялық сипаттамаларын ескеру. Мультимедиа құралдарын, компьютерлік графиканы оқыту және тәрбиелеуде және тұлғаны дамытудың психологиялық үлгілерін білу.</p> <p>Дағдысы: Жас ерекшелік тарапынан психологиялық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыра алу дағдысын қалыптастыру. Оқу-тәрбие жұмысын заңдарға, заңдылықтарға, принциптерге, тәрбие, психологиялық процесс механизмдеріне сәйкес жүзеге асыру.</p>

12.13

6

МАМАНДЫҚ МОДУЛЬДЕРІ

	Тіл біліміне кіріспе	БП/ ТК	ТВК 1214	4	15/0/30/50/2 5	1	<p>Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер (қазақ тілі)</p> <p>Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p>	<p>Мақсаты: студенттерді тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен алда тұрған міндеттерінен, шешілген және әлі шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру. Тіл білімін дамытуға өз үлестерін қосқан ғалымдармен, тіл білімі мектептерімен таныстыруды меңгерту. "Тіл біліміне кіріспе" пәнінен студенттерге басқа теориялық тілдік курстар өтердің алдында, тіл ғылымы жайлы, оның зерттеу объектісі, зерттейтін мәселелері жайлы, ең алғашқы тіл ғылымының негізін үйренеді. Лингвистика ұғымы жайлы түсінік қалыптастырады. Қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындағын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Мазмұны: Тіл белгі жүйесі ретінде сипатталады. Әлемнің лингвистикалық картасын, тілдің типологиялық, генеалогиялық жіктелуін жасау, салыстыру қабылдеттері дамытылады. Жаңа білімдер мен дағдылар, оның ішінде кәсіпқой емес салаларда қолдану, кәсіби саладағы мәселелердің ғылыми мәнін сақтау, бағдарламалық талдаулар және басқа лингвистикалық әдістемелік, аударма және басқа кәсіби профильдерді сынақтан өткізу жүзеге асыра алады.</p>	<p>Білімі: Әлем халықтары тілдеріне ортақ лингвистикалық заңдылықтарды біліп шығу.</p> <p>Ікемділігі: Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын, дүние жүзі тілдері туралы мәліметті, тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын меңгеру.</p> <p>Дағдысы: Тілдің шығуы мен дамуын меңгереді, тілдің табиғаты мен қоғамдағы қызметін түсіне білу дағдысын қалыптастыру. Тіл білімі негізгі ұғымдары мен терминологиясын, тіл қолдану және даму заңдарын, теориялық лингвистика бағыттарын, олардың басқа ғылымдармен байланысын, қазақ тілін оқыту әдістерін білу, қазақ тілінің тарихын, қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын, қазақ тілінің туыстық байланыстарын білу.</p>	8
	Тіл білімінің тарихи негіздері		ТВТН 1214				<p>Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер (қазақ тілі)</p> <p>Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p>	<p>Мақсаты: Тіл білімінің тарихи және жалпы лингвистикалық дайындықтарын тереңдету. Тіл біліміндегі онтология мәселелері жайында білім алуға, ғылыми танымдық заңдылықтарды, жалпы гносеологиялық ізденімдермен сәйкесетін қазіргі тіл білімінің даму бағытымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Тіл білімінің тарихи мәселелердің мәнін мазмұндау: тіл – ойлау – ақиқаттылықтың арақатынасы, тіл және коммуникацияның басқа да құралдары, тілдің мәні, тілдің таңбалық кезеңдері және тілдік бірліктер, тілдің коммуникативті қажеттілігі. Жалпы ғылыми ұғымдарды және философияның негізгі категорияларын, тіл туралы ғылымның теориялық құрылысы мен концепцияларын.</p>	<p>Білімі: тіл білімінің тарихы және жалпы лингвистиканың өзге салалармен байланысу заңдылықтарын білу.</p> <p>Ікемділігі: тіл білімінің тарихи мәселелері, тіл – ойлау – ақиқаттылықтың арақатынасы, тіл және коммуникацияның басқа да құралдары, тілдің мәні, тілдік бірліктер, тілдің коммуникативті қажеттілігі, дамуы туралы мәлімет алу.</p> <p>Дағдысы: ғылыми ұғымдарды және тарихи негізгі категорияларын талдау, теориялық білімді жинақтау, ғылыми идеяларды сыни тұрғыдан талдай алу дағдысы қалыптастыру.</p>	
Тіл білімінің ғылыми-теориялық мәселелері	Жалпы тіл білімі	КП/ ТК	ZhTB 4305	5	30/0/30/55/3 5	8	<p>Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Диплом алды немесе өндірістік практика</p>	<p>Мақсаты: тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен, шешілген және әлі шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру. Тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданылып жүрген және жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру. Жалпы тіл білімінің анықтамасы, тіл теориясының мән-мағынасы мен негізгі проблемалары (тілдің табиғаты, тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау проблемаларын тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаттарын, тілдің даму заңдылықтары), тіл білімі тарихын дәуірге бөлу проблемасы, тілді зерттеудің лингвистикалық негізгі әдіс-тәсілдері.</p> <p>Мазмұны: Басқа да тілдік пәндер қатарында Жалпы тіл білімі пәнінің орны сипатталады. Жалпы тіл білімі мәселесі: құрылымы мен тілі, тілдің белгілік табиғаты, тілдердің өзара әрекеттестігі мен дамуының негізгі заңдылықтары, тілдерді жіктеу принциптері және т.б. толық меңгеріледі. Терминология туралы білім, ғылыми түсінік, лингвистикалық талдау және тілдік құбылыстарды зерттеу дағдылары қалыптасады.</p>	<p>Білімі: жалпы тіл білімінің қарауына жататын негізгі нысандарды және олардың мән-мазмұнын, тілге дұрыс анықтама берудің теориялық мәнін білу;</p> <p>Ікемділігі: тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын меңгеру; дүние жүзі тілдері туралы мәлімет беру; тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын талдау; тіл білімінің зерттеу нысаны туралы мағлұмат беру; жазудың шығуы мен дамуы туралы мәлімет беру.</p> <p>Дағдысы: тілдің шығуы мен дамуын меңгеру; тілдің табиғаты мен қоғамдағы қызметін түсіну. Тіл білімі негізгі ұғымдары мен терминологиясын, тіл қолдану және даму заңдарын, теориялық лингвистика бағыттарын, олардың басқа ғылымдармен байланысын, қазақ тілін оқыту әдістерін білу, қазақ тілінің тарихын, қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын, қазақ тілінің туыстық байланыстарын білу.</p>	19, 20

Тіл біліміндегі жаңа бағыттар	ТВZhB 4305					<p>Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Диплом алды немесе өндірістік практика</p>	<p>Мақсаты: тіл туралы ғылымның алғашқы кіріспесі, бастамасы болып табылатын бұл курста тіл теориясының, атап айтқанда, тілдің ішкі құрылымы және оның ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихы мен, тілдің функционалды және құрылымдық баламалармен байланысы және т.б. мәселелер қарастырылады. филология ғылымының бүгінгі келелі мәселелерін талдау, түсіндірумен қатар оларды соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу макалалармен таныстыру, мәнді-маңызды еңбектерді конспектілеу. Бүгінгі тіл біліміндегі басты ағымдарды түсіндіру.</p> <p>Мазмұны: қазақ тіл ғылымының қалыптасу тарихына шолу; Филология ғылымындағы жаңа бағыттар. Бүгінгі тіл білімінің негізгі бағыттарын аңғартатын пікірлер. Қазақ тіл ғылымының қазіргі беталысы. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық мектептер. Тіл біліміндегі жаңа теориялық тұжырымдар. Тіл білімі бойынша курстар шеңберінде ұсынылған негізгі ұғымдар мен тұжырымдамаларды, сондай-ақ лингвистикалық тәсілдердің аса маңызды ережелерін білу; лингвистика бойынша ғылыми әдебиеттерді оқу, рефераттау және талқылай білу.</p>	<p>Білімі: тілдің пайда болуы мен дамуы, олардың генеологиялық және типологиялық ерекшеліктері және олардың түрлері, құрылымы мен міндеттерін және проблемалық маңыздылығын білу.</p> <p>Икемділігі: тіл және ойлаудың қарым-қатынасы, тіл және қоғамның диалектикалық бірлігі және т.б. мәселелерді, талдау тәсілдерін пайдалана алауды меңгеру.</p> <p>Дағдысы: тілдің мәні, оның семиологиялық табиғаты, тілдік бірліктер, тілдің дамуы және оның коммуникативтік қызметі оларды нақты жағдайларға қарай тандау дағдысына ие болу.</p>	
Әдебиеттануға кіріспе	БП/ТҚ	АК 1215	4	15/0/30/50/25	1	<p>Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер</p> <p>Постреквизиттер: Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі</p>	<p>Мақсаты: Көркемдік әдістерді сипаттайды. Әдебиеттанудың мәселелерін талқылауда ойын толық жеткізіп, өз көзқарасын қорғап, эксперимент жасап және көрсете білуге шығармашылықпен жол таба білуі. Әдебиеттану ғылымының даму кезеңдері: диахрония, синхрония, сипаттамалық даму жолдары бойынша оқыту. Әдебиеттің тектері мен түрлерін (метафора, эпитет, теңеу, гипербола, литота, синекдоха, аллегория, аллицетворения т.б.) ажырата алу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Әдебиет сөзінің пайда болу тарихы, әдебиет өнерінің қазіргі таңдағы қолданыс аясы, әдеби шығармалардың шағын түрін күрделі түріне қадам басудың онтайлы жолдары, әр түрлі кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармаларын түсінуі, әдеби еңбектерді сыни бағалай білуі зерттелген материалды қорытуға мүмкіндік береді. Ахмет Байтұрсынұовтың "Әдебиет танытқыш" еңбегінен бастап Ақжол Қалшабектың "Әдебиеттану ғылымына кіріспе" кітабы негізінде әдебиеттану пәнінің мәні мен мазмұнын студент жастардың бойына білім қалыптастыру.</p>	<p>Білімі: әдебиеттануға қатысты терминдер мен түсініктер жүйесін толық меңгеріп, оны келесі сатыларда өтілетін әдебиет тарихын, арнаулы курстарды оқығанда қолдана алу;</p> <p>Икемділігі: көркем шығарманы ғылыми тұрғыдан талдап, пайымдау, оның даму заңдылықтарын меңгеру.</p> <p>Дағдысы: әдебиеттің даму заңдылықтары мен әлемдік сөз өнерінің ортақ қасиеттерін, шығармашылықтың мазмұны мен өзіндік өнер ретіндегі ерекшеліктері дағдысын қалыптастыру;</p>	6

Әдебиеттанудың ғылыми-теориялық мәселелері	Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулер		AGZ121 5				<p>Пререквизиттер: Мектеп курсындағы пәндер (қазақ әдебиеті)</p> <p>Постреквизиттер: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, Әдебиет теориясы</p>	<p>Мақсаты: студенттерге көркем әдебиеттің сыры мен сипатын, мәні мен маңызын танытатын, әдебиеттің тарихын зерттеуге, сынып дамытуға бірден-бір қажет әдебиетінің теориялық мәселелерін толғайтын пән. Белгілі бір өндіріс пен білім саласының терминдерінің жиынтығы, терминдердің жасалуы, құрамы және қызметі туралы ілім.</p> <p>Жеке сала бойынша арнайы сөздердің жасалуы мен қолданылуы; жана терминдер жүйесін жасау терминологияның айналысатын мәселесі. Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсіну. Әдеби процесс дамуының түйткіл мәселелерін ажырата алу. Ұлттық құндылықтарды әдеби процеспен байланыста қарай алу. Шығармашылық психологиясын анализ жасай алу. Идея ұғымын жете түсіну. Форма ерекшеліктерін саралай алу. Идея форма ара-қатынасын дұрыс бағамдай алу. Жинаған интеллектуалдық қорын таңдаған ғылыми бағытына қолдана білу. Әдеби шығарманы біртұтас талдай алу. Тілдік троптар мен фигураларды жете ажырата алу. Әдебиет туралы ғылым және оның салалары: әдебиет тарихы, әдебиет сыны және әдебиет теориясы. Әдебиет тарихы саласының мақсат-міндеттері. Әдебиет сынының объектісі - өз тұсындағы әдеби процесс екендігі, сынның әдеби-эстетикалық функциясы, міндеті, жанрлары.</p> <p>Мазмұны: Шығармашылық үдерістің теориясы мен практикасы туралы негізгі ережелерді қарастырады, өнерді бейнелі ойлау мен дұрыс қабылдаудың жалпы принциптерін сипаттайды, адам өміріндегі көркем шығармашылықтың маңыздылығын бағалайды. Өнер шығармаларын бағалауда эстетикалық талғам мен қабілет қалыптастырады, кәсіби білім мен дағдыларды дамытады және нығайтады. Көркем шығармашылық идеясын саналы процесс ретінде бағалауды үйренеді.</p>	<p>Білімі: әдебиеттанудың терминдерін меңгеру, әдебиеттің көркемдеуіш салаларын, көркемдеуіш құралдарын, әдеби бөлімдерін білу.</p> <p>Икемділігі: әдеби тек пен түрге байланысты талдау жасауды және теңеу, зияттеу, метафора, аллегория, аллитерация, гиперболола, литота т.б. айқындауыштары арқылы талдай алуы менгеру.</p> <p>Дағдысы: Поэма, проза, роман, новелла, лиро-эпостық жырлар, баллада, әңгіме, трилогия т.б. көркем шығармаларды оқи алу дағдысын қалыптастыру.</p>
	Әдебиет теориясы	КП/TK	AT 4306	5	30/0/30/55/3 5	8	<p>Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Диплом алды немесе өндірістік практика</p>	<p>Мақсаты: әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен шектелмей, әдебиеттанудың өзге салалары: әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән, сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктерін ашып беру. әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта мейлінше толымды жүйелеп саралау қажет. Дәрістерде әлемдік эстетика тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастырыла негізделмек.</p> <p>Мазмұны: Әдеби түсініктер жүйесін қарастырады. Өнердің түрі және оның тарихи даму заңдылығы ретінде әдебиеттің жалпы ерекшеліктерін тереңірек және жан-жақты оқып үрену дағдылары қалыптасады. Поэтика категориясы (автордың бейнесі, көркем уақыт және кеңістік, композиция), курстың терминологиясы, негізгі түсініктерді қалыптастыру үдерісі мен дамуы сипатталады.</p>	<p>Білімі: Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін игеріп, әдебиет тарихы мен көркем туындыны зерттеуге қажетті біліммен қаруланады</p> <p>Икемділігі: өз бойында көркемдікті танитын талғам қалыптастырады, әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді</p> <p>Дағдысы: әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдарды, категорияларды теориялық тұрғыда терең игереді</p>
	Қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы жаңашылдық		KKATZh 4306					<p>Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Диплом алды немесе өндірістік практика</p>	<p>Мақсаты: әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен шектелмей, әдебиеттанудың өзге салалары: әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән, сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктерін ашып беру. Әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта мейлінше толымды жүйелеп саралау қажет. Дәрістерде әлемдік эстетика тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастырыла негізделмек. Дәстүрлер мен инновациялар – диалектикалық бірлік, ескі және жаңа жалғасы, тарихты дамыту, өндірістің негізі ретінде өзгеретіндігін үйрету. Инновация әрдайым әдебиет пен өнер саласын кеңейтетін үлкен шеберлік пен таланттың нәтижесі болып табылады. Мұнда дәстүрлер мен инновациялардың заманауи әлем талаптарына сай болуы, әдебиет пен өнердегі ұлттық сәйкестікті сақтау қағидалары менгертіледі.</p> <p>Мазмұны: Оқушыларға жазушылардың тәжірибесін талдауға, ұйымдастыруға, салыстыруға, бағалауға және түсіндіруге, әдебиеттің ең жақсы үлгілеріне (отандық және шетелдік) көңіл аударуға, білімдерін өз жұмысында қолдануға үйрету; студенттердің көркем мәтінді талдау мен түсіндіру бойынша негізгі дағдыларын дамыту.</p>

Оқытудың әдістемелік негіздері	Жанартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі	БП/ТК	ZhBBNK AOA 3216	6	30/0/45/60/45	5	<p>Пререквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті</p>	<p>Мақсаты: Жалпы білім беретін орта оқу орындарындағы (мектеп, лицей, гимназия) өзге пәндер арасындағы әдебиет пәнінің алатын орны мен әдебиетті оқыту әдістемесі жөніндегі ілімнің мән мазмұнын әрі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңдерін меңгерту бағытын ұстанады. Оқыту барысында студентке мынадай мәселелерді игерту ісі қолға алынады: қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі курсының құрылымы мен мазмұнын ондағы теориялық және педагогикалық психологиялық мәселелері, әдебиет теориясын оқытудың жалпы маңызы мен оның негізгі принциптері, әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлері, әдеби шығарманы оқып үйренудің жолдары мен амалдары, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту тәсілдері көзделеді. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен кәсіптік дағдылардың әртүрлілігін ашу. Онда білім беру үрдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заңдылықтарын, мазмұнын, принциптерін, әдістері мен формаларын сипаттау; қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары білім беру мен оқыту міндеттеріне, қазіргі заманғы мектептегі оқытудың интерактивті әдістерінің мақсаттарына және мазмұнына сәйкес келеді; негізгі педагогикалық ұғымдар, олардың бірлігі мен айырмашылығы менғерту.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен кәсіптік дағдылардың әртүрлілігі ашылады. Онда білім беру үрдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заңдылықтары, мазмұны, принциптері, әдістері мен формалары сипатталған; қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары білім беру мен оқыту міндеттеріне, қазіргі заманғы мектептегі оқытудың интерактивті әдістерінің мақсаттарына және мазмұнына сәйкес келеді; негізгі педагогикалық ұғымдар, олардың бірлігі мен айырмашылығы</p>	<p>Білімі: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі курсының құрылымы мен мазмұнын ондағы теориялық және педагогикалық психологиялық мәселелері, әдебиет теориясын оқытудың жалпы маңызы мен оның негізгі принциптерін үйрену.</p> <p>Ікемділігі: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңдерін, әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлерін меңгеру.</p> <p>Дағдысы: Әдеби шығарманы оқып үйренудің жолдары мен амалдарын, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту дағдыларын қалыптастыру.</p>	13
	Жалпы білім беру мазмұнын жанарту тұжырымдамасының негіздері		ZhBVMZ hTN 3216				<p>Пререквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті</p>	<p>Мақсаты: кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Өр жылдарда құнды-құнды пікірлер айтқан ағартушылық-демократтық бағыттағы педагог-әдіскерлердің, көрнекті әдебиетшілердің еңбектерімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Білім берудің жаңа моделі мұғалімдерді даярлауда жаңа талаптарды ұсынады: оқытудың мақсаттары мен әдістерін өзгерту; оқуға инновациялық тәсілдеменің бөлігі ретінде жұмыс жасау; оқу процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді өзгерту; оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың жаңа тәсілдері мен формалары.</p>	<p>Білімі: Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгере білу.</p> <p>Ікемділігі: Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.</p> <p>Дағдысы: Теориялық білімді практикада қолдана білу дағдысын қалыптастыру</p>	
	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	БП/ТК	KKTF 2217	5	30/0/30/55/35	3	<p>Пререквизиттер: Практикалық қазақ тілі</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p>	<p>Мақсаты: сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерін, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру. Фонетиканың зерттеу нысаны, дамуы, қалыптасуы, қазақ фонетикасының зерттелуіне шолу жасау, тіп дыбыстарын игерту, дауысты дыбыстардың ерекшеліктерін меңгерту, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін меңгерту, буын, екпін, тасымал туралы түсінік беру, дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарымен таныстыру, дыбыстық өзгерістердің түрлерімен таныстыру, орфография принциптерімен таныстыру, қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясынан толық түсінік.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі қазақ тілі саласында фонетиканың тілдік жүйенің бір қыры және жүйелі құбылыстың ғылыми саласы ретінде өзіндік ерекшеліктерін ашады; тілдің фонетикалық құбылыстарын талдайды, мәтінді транскрипциялауды (фонетикалық және фонемалық транскрипция) үйренеді, тілдің интонация құрылымдарын ажыратып, зерттелетін мәселелер бойынша қазіргі лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс жасау мүмкіндігін қалыптастырады.</p>	<p>Білімі: қазақ тіліндегі сөздердің дыбысталуын лексика-семантикалық, морфология, синтаксис салаларымен байланыста қарап, тілдік бірліктердің үнемі даму үрдісінде екенін ғылыми тұрғыдан білу.</p> <p>Ікемділігі: Үндестік заңы, орфография мен орфоэпия, қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық түсінік қалыптастыру.</p> <p>Дағдысы: Тілдің дыбыстық жүйесін, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін ажырату дағдысы қалыптастыру</p>	4

Графика және орфография		GO 2217					<p>Пререквизиттер:Практикалық қазақ тілі</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p>	<p>Мақсаты:Графика, орфография- бұл екеуі фонетика ғылымының құрамдық бөлшектері. Графика — тіл дыбыстарын жазуда таңбалайтын шартты белгілер жиынтығы. Дыбыс алғашқы, табиғи, ал графикалық таңба соңғы жасалынады. Түркі тілде солардың, ішінде қазақ тілінде де, көне замандардан бастап әр дәуірде қолданған жазу түрлері болғандығынан түсінік беру. Қазіргі қолданыстағы алфавиттің тарихы. Қазақ алфавитіндегі әріптер мен фонемалардың ара қатынасы. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері.Қазақ тілі орфографиясы сүйенетін принциптер. Қазақ орфографиясының негізгі мәселелері. Суперсегментті бірліктердің ауызша сөзді ұйымдастырудағы рөлі.</p> <p>Мазмұны: Қазақ жазу таңбасының негіздері сипатталады. Емле мен пунктуация ережелерін қолдану, алынған ақпараттарды бағалау, ғылыми мәтіндерді өңдеу және талдау, негізгі білім-ғылым жанрындағы мәтіндерді құрастыру, емле дағдыларын, айтылу мен тыныс белгілері дұрыс қою, жазбаша және ауызша тілдік формалар т.б. игеріледі. Өзін-өзі және өзара тексеру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады.</p>	<p>Білімі: Графика және орфографияның зерттеу нысаны, дамуы, қалыптасуы туралы мәліметті білу.</p> <p>Икемділігі:Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтау және саралау.</p> <p>Дағдысы: Тілдің дыбыстық жүйесін, дауысты, дауыссыз дыбыстардың, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен ажыратуға дағдылау.</p>
Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	БП/TK	ККТЛФ 2218	4	15/0/30/50/25	4	<p>Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы</p>	<p>Мақсаты: қазақ тілі білімінің лексикологиясы мен фразеология саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі ғылыми теориялық білім беру. Алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап толықтыру. Пән бойынша ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты тыңдаушыларды ғылыми-ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру. қазақтың байырғы тума лексикасы,оның бірнеше қабаттан тұратыны (Қазақ тілі сөздік құрамының толығы, даму жолдары: а) байырғы тума сөздер негізінде,ә) кірме сөздер негізінде іске асатындығы. Қазақ тілі сөздік құрамының қолдану сипатына қарай бөлінетін түрлері Сөздердің стильдік қызметіне қарай түрлері. Бейтарап лексика. Сөйлеу тілінің лексикасы. Қазақ тілі сөздік құрамының актив және пассив қабаттары. Фразеология, оның зерттеу нысаны, мақсаты. Қазақ тілінің біртұтас лексикалық жүйесіне фразеологияның қатысы. Тұрақты тіркестердің басты белгілері. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы. Фразеологизмдердің сөз табына қатысы. Лексикография. Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихына шолу жасау. Қазақ тіліне қатысты түркологиялық сөздіктер.</p> <p>Мазмұны:Лексикология мен фразеологияның негізгі категорияларын қарастырылады. Мәтіннің түп нұсқа мәтіндерінде ақпараттық базаның кеңеюін көрсетеді. Лексика мен фразеологиядағы парадигматикалық және синтагматикалық қарым-қатынастар салыстырылады. Лексикалық бірліктердің қарым-қатынасы мен өзара тәуелділігі талданады. Фразеологиялық бірліктердің түрлері сипатталады. Қазақ тілінің нақты лексикалық және фразеологиялық құбылыстарын сипатталады. Кез келген жанрдың толық лексикологиялық мәтіндік талдауларын жасау дағдыларын қалыптастырады.</p>	<p>Білімі: Лексикология мен фразеологияның негізгі категорияларын қарастырылады, мәтіннің түп нұсқа мәтіндерінде ақпараттық базаның кеңеюін көрсете білу; Лексика мен фразеологиядағы парадигматикалық және синтагматикалық қарым-қатынастар салыстырыла меңгерілетінін, лексикалық бірліктердің қарым-қатынасы мен өзара тәуелділігі талданатынын, сөзжасамдық талдау, морфемдік талдау, этимологиялық талдауларды білу;</p> <p>Икемділігі:Лексикалық бағдарламалық материалдарды меңгеретіндей шеберліктері қалыптастыру; Фразеологиялық бірліктердің түрлерін меңгеру; Қазақ тілінің нақты лексикалық және фразеологиялық құбылыстарын сипаттау;</p> <p>Дағдысы:Кез келген жанрдың толық лексикологиялық мәтіндік талдауларын жасау дағдылары қалыптастыру. Сөзжасамнан бағдарламалық материалдарды меңгеретіндей шеберлікке дағдыландыру.</p>	23, 24

Қазіргі қазақ тілінің бастаулары	Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен дамуы		KLKD 2218				<p>Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы</p>	<p>Мақсаты: Лексикографияның негізгі категориялары қарастырылады. Мәтіннің түп нұсқа мәтіндерінде ақпараттық базаның кеңеюін көрсетеді. Парадигматикалық және синтагматикалық қарым-қатынастар салыстырылады. Лексикалық бірліктердің қарым-қатынасы мен өзара тәуелділігі талданады. Қазақ тілінің нақты лексикалық құбылыстарын сипатталады. Кез-келген жанрдың толық лексикологиялық мәтіндік талдауларын жасау дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Мазмұны: Лексикологияны және оның жетістіктерін зерттеу негізінде әртүрлі сөздік қорларын, лексикография туралы теориялық білімдерінің кең ауқымын ғылыми тұрғыда жинақтау. Лексикография және лексикология – ғылымның екі тармағы, бір-бірімен тығыз байланысты қарастыру. Сөздіктердің сапасы осы ғылымдардың қалай және қандай дәрежеде зерттелетініне байланысты екендігін түсіндіру.</p>	<p>Білімі: Лексикалық бірліктер арқылы сөз байлығын, ұлттық тілдің қуатын, әдеби тілдің мазмұнын, терминдік бірліктерді, тілдің лексикалық болмысын білу.</p> <p>Ікемділігі: Сөздің лексикалық жүйеде алатын орны, лексикалық мағына, сөздің пайда болу, даму, қалыптасу заңдылықтарын меңгеру.</p> <p>Дағдысы: Лексикалық бірліктер арқылы тіл болмысын танумен қатар, тілдің лексикалық жүйесінің ғылыми-теориялық негізін саралауды, лексикалық бірліктердің қызметі арқылы қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп болашақ маманның сөз байлығын жетілдіріп, өзінше пікір түйіндей білу дағдысын қалыптастыру.</p>	
	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы	КП/ТК	KKTSMS 3307	7	45/0/45/65/55	6	<p>Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі</p>	<p>Мақсаты: қазіргі қазақ тілінің сөзжасам және морфология жүйесін, сөзжасамдық және морфология бірліктерді, сөзжасамдық және морфологиялық заңдылықтарды, сөзжасамның және морфология амал-тәсілдерін, сөзжасамдық және морфологиялық мағына, сөзжасам типтерін, туынды сөздердің түрлерін, әр сөз табының сөзжасамға және морфологияға қатысты мәселелері жөнінде студенттерге теориялық білім беру. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы жүйесінің негізгі ұғымдарын айқындау, синтетикалық сөзжасам, фонетикалық сөзжасам, семантикалық сөзжасам, аналитикалық сөзжасамды оқыту. Морфологиялық талдау жасауға үйрету.</p> <p>Мазмұны: Тілдің морфологиялық жүйесін, сөздердің грамматикалық кластарын (сөз таптарын) жіктеуіш бірліктер ретінде ажырату қағидаларын сипаттау. Қазақ тіліндегі әр сөз таптары туралы білімдері қалыптастыру, қазақ тіліндегі сөздерді грамматикалық мәнін ескере отырып, дұрыс және нақты пайдалануға үйрету.</p>	<p>Білімі: Сөзжасамдық талдау, морфологиялық талдау, этимологиялық талдауларды біледі.</p> <p>Біліктілігі: сөзжасамдық және морфологиялық мағына, сөзжасам типтерін, туынды сөздердің түрлерін, әр сөз табының сөзжасамға және морфологияға қатысты мәселелері жөнінде шеберліктері қалыптастасады.</p> <p>Дағдысы: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы жүйесінің негізгі ұғымдарын айқындау, синтетикалық сөзжасам, фонетикалық сөзжасам, семантикалық сөзжасам, аналитикалық сөзжасамды оқыту дағдыларын қалыптастырады.</p>	8
	Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері мен сөзжасамдық тәсілдер		KKTSMS T 3307					<p>Пререквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі</p>	<p>Мақсаты: сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы екені. Сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын таныстыру. сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы болып танылуының өзіндік зерттеу нысаны болумен байланысты. Тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілерді, сөзжасамдық мағынаны, әр сөз табының сөзжасамын т.б болып жатқан сөзжасамға қатысты мәселелерді зерттейді</p> <p>Мазмұны: Қазақ тіліндегі сөзжасамдық жүйелердің ерекшеліктерін, қазіргі кезеңдегі осы жүйелердің даму тенденциясын қарастырады; қазақ тілінің сөздік-морфологиялық құбылыстарын талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады. Сөзжасамдық деңгейдегі лингвистикалық бірліктердің кіші жүйелерін, негізгі сөзжасам ұғымдарын морфологиялық талдау дағдыларын қалыптастырады. Лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс істей алуын қамтамасыз етеді.</p>	<p>Білімі: Тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын білу.</p> <p>Ікемділігі: мазмұнын және оның ішкі құрылысын талдау, оқу материалының маңызын анықтау туралы өзіндік пікір қалыптастыру.</p> <p>Дағдысы: теориялық мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы студенттің таным мен ойлау деңгейін жетілдіріп, сөзжасамның негізгі ұғымдарын, мәліметтерді нақты жағдайда және жаңа жағдайда қолдана білу дағдыларын меңгеру.</p>

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	КП/ТК	ККТС 4308	5	30/0/30/55/35	8	<p>Пререквизиттер:Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы</p> <p>Постреквизиттер: Стилистика және тіл мәдениеті</p>	<p>Мақсаты: Тілдің синтаксистік жүйесін сипаттайды. Қазіргі синтаксистік теорияның негізгі ережелерін, даму кезеңдерін және тұтастай алғанда тарихтағы рөлін бағалайды; қазіргі заманғы оқулықтардағы қазақ тіліндегі синтаксис теориясының негізгі қиын мәселелерін қарастырады; тілдің синтаксистік деңгейінің негізгі ұғымдарын, жай және құрмалас сөйлемдерді саналы түрде білу дағдыларын дамытады.</p> <p>Мазмұны: Тілдің өзекті теориялық мәселелерінен, қазіргі ғылымның озық жетістіктерінен, әдеби ағым тенденцияларынан хабардар болады. Қазіргі заманғы оқулықтардағы қазақ тіліндегі синтаксис теориясының негізгі қиын мәселелерін меңгереді.</p>	<p>Білімі: Тілдің синтаксистік жүйесін сипаттайды. Қазіргі синтаксистік теорияның негізгі ережелерін, даму кезеңдерін және тұтастай алғанда тарихтағы рөлін бағалайды;Түркі тілдерінің ортақ заңдылықтарын біледі.</p> <p>Біліктілігі: Тілдің өзекті теориялық мәселелерінен, қазіргі ғылымның озық жетістіктерінен, әдеби ағым тенденцияларынан хабардар болады;Қазіргі заманғы оқулықтардағы қазақ тіліндегі синтаксис теориясының негізгі қиын мәселелерін меңгереді;</p> <p>Дағдысы:Тілдің синтаксистік деңгейінің негізгі ұғымдарын, жай және құрмалас сөйлемдерді саналы түрде білу дағдыларын дамытады;Тілдік туыстық ерекшеліктерін анықтау – салыстыра талдауға дағдыланады;</p>	8
Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі және құрмалас сөйлемі		ККТZhS KS4308				<p>Пререквизиттер:Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы</p> <p>Постреквизиттер: Стилистика және тіл мәдениеті</p>	<p>Мақсаты:Құрмалас сөйлемнің басты белгілерін, оның жай сөйлемнен айырмашылықтарын меңгерту; Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырушы тілдік амал-тәсілдер жүйесін меңгерту; Құрмалас сөйлем түр-түрін ажырата білуге үйрету; Төл сөздің түрлері мен төлеу сөздің айырмашылықтарын меңгерту; Тыныс белгілерінің түрлерін, олардың қойылатын орындарын меңгертіп, сауатты жазуға үйрету; Теориялық білімдердің негізінде студенттердің мектепте жұмыс жүргізуге қажетті білік, дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Сөйлемнің жалпы сипаттамасын түсіндіріледі. Оның даму жолдары, жай және құрмалас сөйлемдердің өзіндік ерекшеліктері туралы ақпарат беріледі. Құрмалас сөйлем - бұл ұштасқан термин. Құрамдастарының бір-бірімен өзара әрекеттесуіне байланысты олар: салалас, сабақтас, аралас болып бөлінуін үйренеді. Аралас сөйлемдер – күрделі сөйлемдердің бірі, оларды практикада қолдана білуге үйренеді.</p>	<p>Білімі: Құрмалас сөйлемнің басты белгілерін, оның жай сөйлемнен айырмашылықтарын меңгереді.</p> <p>Біліктілігі: Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырушы тілдік амал-тәсілдер жүйесін қолдану, құрмалас сөйлем түр-түрін ажырата білу жолдарын меңгереді.</p> <p>Дағдысы: Тілдік талдаудың түрлері мен ерекшеліктері үйретіліп, кешенді талдау дағдылары қалыптасады.</p>	
